


Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 1-сі



**УЕ-02-01-09**  
**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**  
**БЕЙНЕДӘРІСТЕР ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ КОНТЕНТ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЕРЕЖЕСІ**

Түркістан, 2024

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 2-сі

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

### ӘЗІРЛЕГЕН:


Академиялық даму бөлімінің  
басшысы



Г. Сыздыкова  
«02» 09 2024 ж.

### КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер  
жөніндегі вице-ректор




Л. Шалабаева  
«02» 09 2024 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс – қызмет басшысы



Д. Бейсембаева  
«02» 09 2024 г.

Әкімшілік бөлімінің  
басшысы



Қ. Тубеков  
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің  
бас маманы (заңгер)



Т. Тасов  
«02» 09 2024 г.

Сапаны қамтамасыз ету  
бөлімінің басшысы м.а.



Ж. Сейткулова  
«02» 09 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 3-сі

## МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы	4
2. Қолданылған қысқартулар тізімі	4
3. Қолданылған терминдер мен анықтамалар тізімі	4
4. Нормативтік құжаттар	4
5. Жауапкершілік және өкілеттілік	5
6. Жалпы ережелер	5
7. Бейнедәрістерді әзірлеуге қойылатын талаптар	5
8. Бейнедәрістерді әзірлеу тәртібі	6
9. Бейнедәрістерді рәсімдеуге қойылатын талаптар	7
10. Контент сапасын бағалау	9
11. Өзгерістер енгізу тәртібі	9
12. Келісу, сақтау және тарату	9
13. Өзгерістерді тіркеу парағы	10
14. Танысу парағы	11
15. Қосымшалар	12

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 4-сі

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы «Халықаралық Туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесінде (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық Туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – ХТЖМУ, Университет) оқу үдерісінде пайдаланылатын контент сапасын бағалау және бейнедәрістер әзірлеу жөніндегі бірыңғай талаптарды реттейді.

## 2. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫРҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

- ХТЖМУ – «Халықаралық Туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ;
- ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
- ЖЖОКБҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру;
- АДБ – Академиялық даму бөлімі;
- ЦБ – Цифрландыру бөлімі;
- ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы.

## 3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ТІЗІМІ

**Дәріс** – оқытушының теориялық сипаттағы оқу материалын жүйелі, дәйекті баяндауы; оқыту әдісі мен формасының бірлігін білдіреді.

**Бейнедәріс** – білім алушыларға тақырыптың мазмұны туралы білім немесе көз қарас қалыптастыру мақсатында бейнематериалды экранға, компьютер мониторуна немесе интерактивті тақтаға шығара отырып қолданатын дәріс түрі.

**Білім беру порталы** – бұл білім беру процесінің қатысушыларына ақпараттық-телекоммуникациялық желі арқылы білім беру сипатына ие ақпараттық ресурстар мен қызметтерге қол жеткізу үшін арналған ақпараттық жүйе.

**Оқытуды басқару жүйесі (LMS) (Элэмэс)** – білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы үшін қашықтықтан оқытуды және онлайн-оқытуды қамтамасыз ететін оқу материалдары мен құралдар кешенін қамтитын оқу курстарын әкімшілендіруге арналған платформа.

**Білім алушының цифрлық ізі** - бұл LMS (Элэмэс) (оқытуды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда немесе ақпараттық жүйеде тіркелген Білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы.

**Цифрлық білім беру ресурстары** – оқытуды интерактивті нысанда қамтамасыз ететін оқытылатын бағыттар және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары.

## 4. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 Бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 5-сі

оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы), Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137) және ҚР ҒЖЖБМ басқа да нормативтік-құқықтық актілері, Қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттары негізінде, қолданыстағы басылымдарына сәйкес жасалған.

## 5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

- 5.1. Осы Ереже Университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланады және қарастырылады.
- 5.2. Осы Ереже Басқарма Төрағасы – Ректормен бекітіледі.
- 5.3. Осы Ереженің талаптарын енгізуге жауапты Академиялық даму бөлімі болып табылады.

## 6. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 6.1 Бейнедәріс – бұл студенттерге ыңғайлы форматта оқуға мүмкіндік беретін техникалық жабдықтау немесе аудио-бейне техникасы арқылы дәріс материалын ұсынудың көрнекі түрі.
- 6.2 Бұл ереже бейнедәрістерді әзірлеуге қатысты дидактикалық талаптарды, олардың әзірлеу тәртібін, оқу бейнематериалдарын безендіруге қойылатын талаптарды және бейнедәрістердің сапасын бағалау талаптарын реттейді.
- 6.3 Бейнедәріс келесі мақсаттарда жасалынып, оқу процесіне енгізілуі мүмкін:
  - *Оқыту сапасын жақсарту*: білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру және білім беру технологияларын оңтайландыру.
  - *Білім беру мүмкіндіктерін кеңейту*: білім алушылар үшін жеке білім беру траекторияларын құру.
  - Оқу үдерісін жоспарлаудың икемділігін және білім алушылардың өз бетінше оқуға ынтасын арттыру.
- 6.4 Білім беру үдерісінде бейнедәрістерді пайдалану тәртібі бейнедәрістерді Университеттің білім беру порталында орналастыру және білім алушылардың қаралымы арқылы жүзеге асырылады.

## 7. БЕЙНЕДӘРІСТЕРДІ ӘЗІРЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 7.1 Бейнедәрістің мазмұны пәннің жұмыс оқу бағдарламасына (Syllabus) сәйкес келуі тиіс.
- 7.2 Қазіргі заманғы ғылыми талаптарға сәйкес және дәл терминологияны қолдана отырып, барлық мәліметтер дұрыс болуы тиіс.
- 7.3 Дәріс жоспары келесі үш негізгі кезенді қамтуы керек:
 

**Бірінші кезең:** кіріспе бөлім, дәрістің мақсаты мен міндеттерін қалыптастыру, мәселенің қысқаша сипаттамасы, ғылымдағы мәселені зерттеудің жай-күйін көрсету, мәселе бойынша әдебиеттер тізімі, алдыңғы дәрістің материалымен байланыс орнату.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 6-сі

**Екінші кезең:** негізгі ұғымдардың мәнін ашу, әртүрлі ғылыми көзқарастарды сипаттау, фактілерді, дәлелдемелерді талдау, өз ұстанымын анықтау, тақырыптың әр мәселесі бойынша жеке қорытындыларды тұжырымдау, практикамен байланысын көрсету, қолдану аясын анықтау.

**Үшінші кезең:** қорытынды, негізгі тұжырымды тұжырымдау, өз бетінше жұмыс жасауға бағыттау, әдістемелік кеңестер беру.

7.4 Тақырыпты ашу теориялық материалды нақты мысалдармен үйлестіре отырып, баяндалған теориялық ережелердің практикалық маңыздылығын аша отырып, дәйекті түрде жүзеге асырылуы керек. Мәтін қысқа, грамматикалық және стилистикалық тұрғыдан дұрыс болуы керек.

7.5 Бейнедәріс келесі құрылымдық компоненттерді қамтуы тиіс:

– *Ақпараттық блок.* Университеттің атауы, пәннің атауы, дәріс тақырыбы, дәріс оқытушысы туралы қысқаша мәлімет.

– *Кіріспе бөлім.* Дәріс оқытушысының сәлемдесуі, тақырыпты, мақсатты және осы тақырыпты зерттеудің міндеттерін баяндау, зерттелетін тақырыптың пән ішіндегі орнын анықтау, пәнаралық байланыстар, дәрістің тақырыптық жоспары, алғашқы дәрісте бейнедәрісті қарау бойынша білім алушыларға ұсыныстар.

– *Негізгі бөлім.* Дәріс жоспары бойынша оқу материалын реттілікпен баяндау.

– *Қорытынды бөлім.* Қорытындылар, бейнедәрісті көргеннен кейін білім алушыларға ұсынымдар, тақырыпты қосымша зерделеу үшін ұсынылатын әдебиеттер мен интернет-көздер, қорытынды сөз тіркесі.

7.6 Бейнедәрісте логикалық, дәлелді және аргументтелген принциптерге сәйкес материал баяндалуы тиіс.

– Бейнедәрісті дәрісті барынша игеруді қамтамасыз ететіндей ырғақпен баяу болуы керек.

– Дәріс оқытушысы материалды сенімді, еркін және жеткілікті дәрежеде эмоционалды түрде баяндап, білім алушылармен әсерлі және жанды қарым-қатынас жасауы керек. Бейнежазбаның монотонды дыбыстық сүйемелдеуі материалды қабылдау мен игеруді айтарлықтай төмендетеді.

– Әр қарастырылған сұрақтан кейін аралық қорытындылар шығарылады, ал лекцияның соңында қорытынды тұжырымдар беріледі.

## 8. БЕЙНЕДӘРІСТЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

Оқытушы Университет студиясында немесе өз бетінше бейнедәрістер түсіре алады.

**Студияда бейнедәрісті жазу келесі тәртіпте жүзеге асырылады:**

*Оқытушы:*

– Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус) бойынша әр тақырыпқа материалдарды іріктеп, дәріс материалын үлгіге сәйкес дайындайды (Қосымша 1).

– Бейнедәрістерге арналған презентацияларды PowerPoint бағдарламасында үлгіге сәйкес әзірлейді (Қосымша 2).

– Дәріс әзірлемесі мен презентацияны контент сапасын бағалау жөніндегі сараптама тобына қарауға және бекітуге ұсынады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедерістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 7-сі

– Сараптама тобының оң қорытындысы болған жағдайда оқытушы Цифрландыру бөлімінің бейнедерістерді жазу кестесіне тіркеледі.

– Дәріс жазу кестесіне сәйкес Цифрландыру бөлімінің қызметкерлерімен студияда бейнедеріс жазады.

– Бейнедерістің түсірілуі мен монтаждалуы Цифрландыру бөлімімен қатаң түрде бейнедерістерді жазу кестесі бойынша жүзеге асырылады.

– Бейнедерісті түсіру және монтаждау аяқталғаннан кейін Цифрландыру бөлімінің қызметкерлері оқытушыларға бейнедерістерін Университеттің білім беру порталына орналастыру үшін цифрлық тасығышқа жүктеп береді.

– Оқытушылар студияда жазған бейнедерістерді алдымен YouTube арнасының жеке аккаунтына немесе Google дискіге тек осы сілтемесі бар адамдарға көру мүмкіндігін бере отырып жүктейді. Бұдан әрі бейнедерістерге сілтемелер Университеттің LMS «Moodle» білім беру порталында орналастырылады.

**Бейнедерісті өз бетінше жазу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:**

*Оқытушы:*

– Жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус) бойынша әр тақырыпқа материалдарды іріктеп, дәріс материалын үлгіге сәйкес дайындайды (Қосымша 1).

– Бейнедерістерге арналған презентацияларды PowerPoint, Prezi, Canva бағдарламаларында үлгіге сәйкес әзірлейді (Қосымша 2).

– Дәріс әзірлемесі мен презентацияны контент сапасын бағалау жөніндегі сараптама тобына қарауға және бекітуге ұсынады.

– Контент сапасын бағалау жөніндегі сараптамалық топтың оң қорытындысы болған жағдайда, оқытушы тақырыптың мазмұнын ашу үшін қажетті презентацияларды көрсете отырып, онлайн конференция режимінде экран жазбасын пайдаланып Bandicam және Canva бағдарламаларында бейнедеріс жазады. Бейнедеріс жазу үшін веб-камера, ноутбук камерасы қолданылады.

– Оқытушылар өздері жазған бейнедерістерді алдымен YouTube арнасының жеке аккаунтына немесе Google дискіге тек осы сілтемесі бар адамдарға көру мүмкіндігін бере отырып жүктейді. Бұдан әрі бейнедерістерге сілтемелер Университеттің LMS «Moodle» білім беру порталында орналастырылады.

## 9. БЕЙНЕДӘРІСТЕРДІ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

### 9.1 Бейнедерісті рәсімдеу кезінде келесі ережелерді басшылыққа алу керек:

– Бейнедеріс бір тақырыпқа арналуы керек. Бейнедерістің оңтайлы ұзақтығы 10-15 минут. Осы уақыт ішінде білім алушы ақпаратты белсенді қабылдайды және игереді. Графикалық суреттері мен мәтіні бар слайдтардың саны 10-15 минутқа созылатын бір бейнедеріске 10-15-тен аспауы керек.

– Ақпараттың слайд бетінде көлденең орналасуы ұсынылады, ең маңызды ақпарат экран ортасында орналасуы тиіс, егер слайдта сурет болса, жазба оның астында орналасуы керек.

– Барлық презентация бір стильде орындалып, бір шаблон негізінде 16:9 қатынаста жасалуы керек. Түстік схема барлық слайдтарда бірдей болуы тиіс. Бұл білім алушыда үйлесімділік, сабақтастық, стильділік және жайлылық сезімін қалыптастырады. Презентацияны

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедерістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 8-сі

стильдік безендіруде 3 негізгі түстен артық қолдану ұсынылмайды. Шрифттер: тақырыптар үшін – кемінде 26, ақпарат үшін – кемінде 24, кестелер үшін – кемінде 16. Шрифттің 3 түрінен артық қолдануға болмайды. Слайдтағы мәтін жазық, серіппесіз қаріппен басылған болса және 5-7 жолға, әр жолда 6 сөзден артық болмауы тиіс, яғни слайдта 36 сөзден аспауы керек. Бір слайдта 3 қаріптен артық қолданбау ұсынылады, ақпаратты ерекшеленде қалың қаріп, курсив немесе асты сызылған қаріп қолданған жөн.

– Слайдтарды әзірлеу кезінде міндетті түрде орфография, пунктуация, қысқартулар және мәтінді рәсімдеу ережелері (тақырыптарда нүктенің болмауы және т.б.) сақталуы тиіс.

– Слайдтарда мәтіндік ақпарат шамадан тыс болмау керек. Сөз тасымалдарын, қолтаңбалар мен мәтіндік блоктардың көлбеу және тік орналасуын пайдалану ұсынылмайды.

– Слайдтардағы ақпараттың нақты әрі қысқа, максималды мазмұнды болуы ұсынылады: қысқа тезистерді, күндерді, атауларды, терминдерді қолданған жөн. Тезистердің мәтіндері, тізімдер мұқият туралануы керек; әрбір тұжырымды мәтіннің жеке абзацына шығарылады.

– Слайдтағы материалдар мен айтылатын мәтін бір-біріне қайшы келмеуі керек және бір-бірін мүлдем қайталамауы керек. Слайдтарда ұғымдар арасындағы қатынастардың графикалық бейнесі, айтылуы қиын терминдер, статистикалық және аналитикалық ақпарат ұсынылуы керек.

– Оқытушының артқы фоны тыңдаушының назарын аудармау үшін қарапайым және қозғалмайтын болуы қажет.

– Қосымша материалдар ретінде сыртқы ресурстарды пайдалануға болады. Сыртқы ресурстарды пайдалану кезінде Авторлық құқықтар мен дәйексөздер мен сілтемелерді қолданудың қабылданған тәртібі сақталуы керек.

– Бейнедерісте .png, .jpg, .psd форматтағы, өлшемі 640x480 және одан жоғары форматта сканерленген иллюстрацияларға рұқсат етіледі, егер сурет бүкіл экранға арналған болса кеңейтілімі 100 және одан жоғары пико/дюйм болуы қажет.

#### **9.2 Дыбыстық трекке қойылатын талаптар:**

– Дыбыс жолы нақты стерео режимде болуы керек, мұнда оқытушының дауысы сол және оң арналардың дәл ортасында орналасуы тиіс. Дыбыстық эффектілер, шу, музыка ұқсас режимде болуы мүмкін немесе көркемдік және техникалық міндеттерге байланысты толық стереофониялық режимде жүзеге асырылуы мүмкін;

– орташа дыбыс деңгейі -14 АБ -12 дБ болуы керек;

– дыбыс деңгейінің шегі - 2 дБ шектелуі керек.

Бейнедерісті өз бетінше жазу кезінде материалды жақсы қабылдауды қамтамасыз ету үшін дыбыс анық, таза және бөгде шуылсыз болуы керек.

#### **9.2 Оқытушының сыртқы түріне қойылатын талаптар:**

– киімнің таңдаулы стилі – классикалық; торлы немесе жолақты киімдерді, спорттық киімдерді киюге болмайды, сондай-ақ ақ, жылтыр, түрлі-түсті өрнекті галстуктар мен қысқа жеңді киімдер ұсынылмайды.

– Спикердің жестикуляциясын бақылау ұсынылады. Қайталанатын, асыра көрсетілген және табиғи емес, сондай-ақ оқыс қимылдарды; қолдарындағы заттарды айналдырып тұруды, үнемі шашты немесе көзілдірікті түзеуді, мұрынды немесе иекті жиі ұстауды болдырмау қажет.



Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедерістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 9-сі

## 10. КОНТЕНТ САПАСЫН БАҒАЛАУ

10.1 Бейнедерістің және контенттің сапасын бағалау мақсатында сараптамалық жұмыс тобы құрылады. Сараптамалық жұмыс тобына мектептің жоғары білікті оқытушылары кіреді және құрамын Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор бекітеді.

10.2 Сараптамалық жұмыс тобы 3, 4-қосымшада көрсетілген критерийлерге сәйкес сараптамалық бағалау жүргізеді. Бейнедерістер пен контент сапасын бағалаудың нәтижесі бойынша сараптамалық жұмыс тобы сараптама қорытындысын толтырады (5, 6-қосымша).

## 11. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы бойынша Ғылыми кеңес отырысының шешімімен енгізіледі.

11.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

## 12. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

12.1 Осы Ереже Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

12.2 Осы Ереженің жұмыс данасын сақтау және пайдаланушыларға тарату жауапкершілігі Академиялық даму бөліміне жүктеледі.

12.3 Осы бекітілген Ереженің жұмыс данасы Академиялық даму бөліміне, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 10-сі

### 13. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Парақ беттері			Өзгерістерді енгізу негізі	Қолы	Өзгерістерді енгізген тұлғаның аты-жөні	Күні	Өзгерістердің енгізілген күні
	ауыстырыл ған	жаңа	жойылған					

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.



Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедерістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 12-сі

Қосымша 1

**Дәріс материалы  
«Пән атауы» пәні бойынша**

**Оқытушы туралы мәлімет:**

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ _____ мектебінің (аға оқытушы, қауымдастырылған профессор, профессор)	Аты-жөні
Телефона нөмірі, e-mail	

**№1. Дәріс. Кіріспе. Тақырып атауы**

Оқыту әдістері/дәріс түрі: \_\_\_\_\_

Оқытудың техникалық құралдары, көрнекі құралдар: \_\_\_\_\_

Дәрістің оқыту нәтижелері:

- 1.
- 2.
- 3.

Дәрістің мазмұны (жоспары):

- 1.
- 2.
- 3.

Дәріс тезистері:

Дәріс мазмұнының 1-бөлімі бойынша тезистер

.....

Дәріс мазмұнының 2-бөлімі бойынша тезистер

.....

Дәріс мазмұнының 3-бөлімі бойынша тезистер

.....

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

- 1.
- 2.
- 3.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

Қосымша:

WEB сайттар:

**№2. Дәріс. Кіріспе. Тақырып атауы**

.....

.....

.....


**№15. Дәріс. Кіріспе. Тақырып атауы**

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 13-сі

Қосымша 2 (.pptx)


**Бейнедәрістерді жазуға арналған презентацияларды рәсімдеу үлгісі**

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
МЕКТЕП АТАУЫ 

«ПӘН АТАУЫ»  
ДӘРІС №  
ДӘРІС ТАҚЫРЫБЫ

Автор аты-жөні  
Ғылыми дәрежесі, лауазымы


Түркістан

НАО «МЕЖДУНАРОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ТУРИЗМА И ГОСПРИИМСТВА»  
ШКОЛА \_\_\_\_\_ 

«НАИМЕНОВАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ»  
ЛЕКЦИЯ №  
ТЕМА ЛЕКЦИИ

ФИО автора  
Ученая степень, должность

Түркістан

NPC «INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY»  
SCHOOL OF THE \_\_\_\_\_ 

«DISCIPLINE NAME»  
LECTURE №  
LECTURE TOPIC

Name of author  
Academic degree, position

Turkestan

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедерістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 14-сі

Қосымша 3

### КОНТЕНТ САПАСЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Критерийлер тобы	Сараптама критерийлері	Балл*
Контенттің құрылымы мен мазмұны	Дәріс материалының дәріс материалын рәсімдеу үлгісіне сәйкестігі (Қосымша 1)	1-5
	Дәріс тақырыптарының пәннің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкестігі (Syllabus)	1-5
	Дәріс материалының мазмұны	1-5
	Оқытудың дұрыс мақсаттары мен өлшенетін нәтижелерінің болуы	1-5
	Контент сапасы	1-5
Контенттің техникалық сипаттамалары	Презентацияға қойылатын талаптарды сақтау (Қосымша 2)	1-5

\*Баллдардың түсіндірмесі:

20-30 балл – Дәріс материалы және презентациясы бойынша бейнедеріс түсіруге ұсынылады.

10-20 балл – Дәріс материалы мен презентация жетілдіруді қажет етеді және көрсетілген ескертулерді жойған кезде бейнедеріс түсіруге ұсынылады.

0-10 балл – Дәріс материалы мен презентация толық қайта жетілдіруді қажет етеді.

Қосымша 4

### БЕЙНЕДӘРІСТЕРДІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ

Критерийлер тобы	Сараптама критерийлері	Балл*
Бейнедерістердің құрылымы мен мазмұны	Бейнедерістердің мазмұны	1-5
	Бейнедерістердің логикалық құрылымының болуы	1-5
	Терминдер, анықтамалар мен тұжырымдарды толық әрі дұрыс қолдануы	1-5
	Автордың мысалдар мен иллюстрацияларды дұрыс және орынды қолдануы	1-5
	Оқыту мақсаттарының дұрыстығы мен өлшенетін нәтижелерінің болуы	1-5
Бейнедерістің техникалық сипаттамалары	Бейнедерістерді әзірлеуде презентация мен экрандық дизайнға қойылатын талаптарды сақтау	1-5

\*Баллдардың түсіндірмесі:

20-30 балл – Бейнедеріс оқу үдерісінде қолдануға ұсынылады.

10-20 балл – Бейнедеріс жетілдіруді қажет етеді және көрсетілген ескертулерді жойған кезде оқу үдерісінде пайдалануға ұсынылады.

0-10 ұпай – Бейнедеріс толық қайта жетілдіруді қажет етеді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 15-сі

Қосымша 5

### КОНТЕНТ САПАСЫ БОЙЫНША САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Пәннің атауы \_\_\_\_\_

Автор (лар) \_\_\_\_\_

Критерийлер тобы	Сараптама критерийлері	Балл*
Контенттің құрылымы мен мазмұны	Дәріс материалының дәріс материалын рәсімдеу үлгісіне сәйкестігі (Қосымша 1)	
	Дәріс тақырыптарының пәннің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкестігі (Syllabus)	
	Дәріс материалының мазмұны	
	Оқытудың дұрыс мақсаттары мен өлшенетін нәтижелерінің болуы	
	Контент сапасы	
Контенттің техникалық сипаттамалары	Презентацияға қойылатын талаптарды сақтау (Қосымша 2)	
	Жалпы	

Ұсыныстар мен ескертулер \_\_\_\_\_

---



---



---



---

Сараптамалық қорытынды \_\_\_\_\_

---

Сарапшы, лауазымы \_\_\_\_\_ Аты-жөні (толық)

(қолы)

Сарапшы, лауазымы \_\_\_\_\_ Аты-жөні (толық)

(қолы)

Сарапшы, лауазымы \_\_\_\_\_ Аты-жөні (толық)

(қолы)

.....

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

Қосымша 6

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Бейнедәрістер әзірлеу және контент сапасын бағалау ережесі		УЕ-02-01-09
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №1	16 беттің 16-сі

## БЕЙНЕДӘРІСТЕРДІҢ САПАСЫ БОЙЫНША САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Пәннің атауы \_\_\_\_\_

Автор (лар) \_\_\_\_\_

Критерийлер тобы	Сараптама критерийлері	Балл*
Бейнедәрістердің құрылымы мен мазмұны	Бейнедәрістердің мазмұны	
	Бейнедәрістердің логикалық құрылымының болуы	
	Терминдер, анықтамалар мен тұжырымдарды толық әрі дұрыс қолдануы	
	Автордың мысалдар мен иллюстрацияларды дұрыс және орынды қолдануы	
	Оқыту мақсаттарының дұрыстығы мен өлшенетеін нәтижелерінің болуы	
Бейнедәрістің техникалық сипаттамалары	Бейнедәрістерді әзірлеуде презентация мен экрандық дизайнға қойылатын талаптарды сақтау	
Жалпы		

Ұсыныстар мен ескертулер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Сараптамалық қорытынды \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Сарапшы, лауазымы \_\_\_\_\_ Аты-жөні (толық)  
(қолы)

Сарапшы, лауазымы \_\_\_\_\_ Аты-жөні (толық)  
(қолы)

Сарапшы, лауазымы \_\_\_\_\_ Аты-жөні (толық)  
(қолы)

.....

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.